

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Тәрбиеші-бала жанының бағбаны

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.08.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/142557/>

Тәрбиеші -бала жанының бағбаны.

Бала тәрбиесі басты байлығың, кешіксең көретінің қайғы мұң.

(А. Құнанбаев)

Қазақ халқы қай уақытта болмасын, ұрпақ тәрбиесін ұлттың болашағы деп білген. «Анаға қарап қыз өсер, әкеге қарап ұл өсер» демекші, бала тәрбиесіне сонау ерте заманнан бері аса қатты көңіл бөлген. Баланың айнасы ата -ана. Әкенің күшімен, Ананың сүтімен келетін мінезге нәр беріп, дұрыс бағдар беру арқылы баланы тәрбие жолына бұрамыз. Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі, өсір келе жатқан өскелең ұрпақтың базіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі, өсір келе жатқан өскелең ұрпақтың білімінің тереңдігімен, тәрбиесінің көркемділігімен өлшенеді. Білімді, тәрбиелі, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы десе де болады.

Менің мамандығым – мектепке дейінгі мекеме тәрбиешісі. Менің мамандығым баланы тәрбиеге үйрете отырып , білім нәрімен сусындату. Баланы тәртіпке баулу жолында алғашқы қадамдар таныстық пен дұрыс жоспар құрудан басталады. Бөтен ортаға келген бүлдіршін, жатырқап,таңырқап келетіні рас. Сол баланың бойындағы қорқыныш пен күдікті сейіртуіміз қажет. Білім беру барысында жүйелі күн тәртібін енгізе отырып, тәртіп пен білімнің баспалдағына шыға бастаймыз. Өз отбасында еркелікке бет алған бала оң-солын ажыратып тәртіпке бағын бастайды. Бұл жолда да ата-ана мен баланың жүрегінен орын ала білу, ата -ананың қорқынышын басу маңызды. Ата бабамыз «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп айтқандай болашақ біздің қолымызда. Балапандарға дұрыс тәрбие берсек, шыңға шығар баспалдақтың алғашқы текшелерін құруға атсалыссақ, соның өзі біз үшін үлкен мәртебе. Луций Анней Сенека айтпақшы «Басқаларды үйрете жүріп біз өзіміз үйренеміз».

Бала тәрбиесімен айналысатын әрбір педагогтың алға қойған мақсат-міндеттері мен педагогикалық ұстанымы болуы қажет. Менің ұстанымым өз қалауыммен таңдаған мамандығымды абыроймен алып жүру, жұмысыма жауапкершілікпен қарау. Тәрбиеші жай ғана мамандық емес. Ол -адам бағдарын жасаушы, келешек ұрпақтың сәулетшісі.

Қазағымның болашағы, келешек келбеті мен тәрбиелеген бүлдіршіндердің тәрбиесінде, соған қосар үлесімде. Баламен ойнасаң дүниедегі болып жатқан бар дүниені ұмытып кетесің. Тәлім алу барысына мен еркіндікке жол беремін. Баланың өзін еркін сезінуі оның бәрін білуге деген құлшынысы мен талпынысын арттырады.

Баламен арамыздағы сыйластық сезімді қалыпты ұстанамын да жаһандану дәуірінде, жасампаз ғасырда балабақшадағы бүлдіршіннің ұстазы – тәрбиеші болғанымға мақтанамын. В.О.Ключевский сөзін еске алсақ «Ұстаз болу жақсы оқытушы болу үшін, оқытатыныңды да сүйең керек». Мен өз ісімді, мамандығымды жақсы көремін.

Бұл сөздің астарында тәрбиеші мамандығының үлкен жауапкершілік иесі екендігін айқындап тұр. Бала тәрбиесі, оның ішіндегі балабақшадағы сәбилерді тәрбиелеу үлкен мәртебе. Сөз соңын ұлы ақын, ағартушы, философ А.Құнанбаевтың сөзімен аяқтағым келіп отыр:

Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға.

Шымкент қаласы

ЖШС «Аубанур», «4kids» логотипі бар

бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

Пәрімбекова Ақерке Серікқызы

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimges.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.